



KEREK DEREK

Шекара қызметінің деректері бойынша, 2026 жылдың I тоқсанында шетелге 2,47 млн. қазақстандық шыққан. Сонымен қатар 3 млн. турист таңдаған. Қазақстанда «5 жұлдызды» санаттағы 23 қонақүй жұмыс істейді. Бірінші тоқсанда олар 158 мың қонақты қабылдады. «4 жұлдызды» қонақүйлер саны – 45. Үш ай ішінде оларда 113,5 мың қонақ орналасты. Ал «3 жұлдызды» 26 қонақүйдің қызметін 58,9 мың қонақ пайдаланды.

PARTIA



УАҚЫТ ТАЛАБЫНА, ҚОҒАМ СҰРАНЫСЫНА САЙ ҚАДАМ

Елімізде саяси жүйені жаңғыртуға бағытталған үлкен өзгеріс болды. «AMANAT» партиясының «Әділет» партиясына қосылуы екі саяси ұйымның күш-жігері мен ресурстарын біріктіріп, ортақ мемлекеттік мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған. Бұл шешім Мемлекет басшысының ел дамуының жаңа кезеңінде барлық прогрессивті қоғамдық-саяси күшті жалпыұлттық құндылықтар мен мақсаттар төңірегінде топтастыру туралы үндеуіне қолдау көрсету мақсатында қабылданды.

Астанада өткен съезде Мәжіліс спикері, «AMANAT» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың табысты жүзеге асырылып жатқан реформалары бүгінде жаңа қоғамның іргетасы мен мемлекеттің жаңа келбетін қалыптастырып жатқанын атап өтті.

«Қазір біз уақыт талабына, мемлекет мүддесіне және қоғам сұранысына сай келетін қадам жасауымыз керек. Бүгінде еліміз бөлінуге емес, бірігуге ұмтылуы қажет. Сондықтан осы жауапты кезеңде өз ресурстарымызды жаңа саяси күш – «Әділет» партиясына қосуымыз керек. Осылайша біртұтас президенттік ба-

ғыттағы саяси күш құрамында Әділетті әрі Прогрессивті Қазақстанды бірге құруды жалғастырамыз. Біз өз қағидаттарымыздан, ұстанымдарымыздан және идеяларымыздан бас тартпаймыз. Керісінше, оларды одан әрі күшейтіп, мүмкіндіктерін кеңейтіп, жаңа даму деңгейіне көтереміз», – деді Ерлан Қошанов. «AMANAT» төрағасы бұл шешімді партияның барлық деңгейдегі мүшелері қолдаған табиғи әрі кемел саяси үдеріс деп атады.

Соңғы жылдары Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси реформалардың басты мақсаты – әділетті, ашық және тиімді мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда, саяси партиялардың жаңаша форматта жұмыс істеуі, олардың қоғамдық сұраныстарға жедел жауап беруі және халықпен тығыз байланыс орнатуы ерекше маңызға ие. Партиялардың бірігуі саяси күштердің әлеуетін арттырып қана қоймай, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған бастамалардың тиімділігін күшейтуге ықпал етеді.

Диас АЯҒАН,
«Soltüstik Qazaqstan».

SARAPTAMA

ТЫНЫҒАТЫН СӘТТІ ТЫНЫМСЫЗ ЖҰМЫСҚА АРНАҒАНДАР

Жазғы демалыс – оқушылар мен студенттер үшін тек тынығатын уақыт емес, жаңа тәжірибе жинап, алғашқы еңбек жолын бастауға мүмкіндік беретін маңызды кезең. Бүгінде жасөспірімдер бос уақытын тиімді пайдаланып, еңбек етуге, қаржы табуға және болашақ мамандығына қажетті дағдыларды меңгеруге ұмтылуда. Бұл үрдіс жастардың еңбекке деген қызығушылығының артқанын көрсетеді.



4

BASPASÖZGE JAZYLU – 2026

SOLTÜSTIK
QAZAQSTAN

2026 жылдың
II жартыжылдығына
жазылу жүруде!

«Қазпошта» АҚ арқылы
(индекс: 65445)



жеке тұлғалар үшін – 4411,44 тенге
кәсіпорындар үшін – 7423,76 тенге (қала)
5049,44 тенге (ауыл)

Редакция арқылы
(жеткізу қызметінсіз)




жеке тұлғалар үшін – 2216 тенге
кәсіпорындар үшін – 2854 тенге

kaspi.kz қосымшасы
арқылы

QR-ды сканерлеп, жазылу кезеңі
мен мекенжай бағанын толтырып,
көрсетілген соманы төленіз.



Мекенжайымыз: К.Сүтішев көмесі, 7.
Анықтама телефоны: 87083500860.



ПЕШ – ҮЙДІҢ
ЖҮРЕГІ

3



АСТАН
УЛАНУДЫҢ
САЛДАРЫ
АУЫР

5

OQYRMAN SAUALY



АКАДЕМИЯЛЫҚ ДӘРЕЖЕНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Редакцияға хабарласқан Толқын Ахметбек есімді оқырманымыз Сәбит Мұқанов атындағы қазақ сазды-драма театрының дәрежесіне қатысты сауалын жолдады. «Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай қаладағы қазақ театрына академиялық дәреже беру туралы ұсыныс айтылғанын естідік. Бұл барша өңір тұрғындары үшін қуанышты жаңалық. Алайда бұдан – өнер ұжымына қандай да бір оң әсер бола ма? Академиялық дәреже театрды қаржыландыруға, әртістердің айлығына, жалпы мекеме жұмысына қандай ықпал етеді?» – делінген сауалда.

2

QARJY

СОЗА БЕРГЕН ІС СОРҒА БАСТАР: берешекті сот орындаушысына жеткізбеу жолдары

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚИЫНДЫҚТАР: ҚАРЫЗ АЛУШЫ НЕ ІСТЕУІ КЕРЕК?



Несие берушіден жасырынбаңыз

Мәселені елемей әдетте жағдайды одан әрі ушықтырады.



Несие шарттарын қайта қарауды сұраңыз

Заңнама қарызды реттеу тетіктерін қарастырады.



Құжаттар мен хат- хабарларды сақтаңыз

Өтінішті қарау кезінде олар қажет болуы мүмкін.



Уақытылы әрекет етіңіз

Мәселені неғұрлым ерте шешуге кіріссеңіз, қарызды реттеу мүмкіндіктері соғұрлым көп болады.

Берешекті мерзімінде өтей алмай жүрсеңіз, бұл мәселені реттеудің басқа да жолдары барын біле жүріңіз. Кредиторлар қаражаттың қайтарылуына мүдделі. Сондықтан борышты қайтару мәселесін талқылауға дайын. Жағдайға байланысты қарыз алушыға төлем кестесін өзгерту, қаржылық жүктемені кейінге қалдыру, азайту немесе қайта құрылымдаудың басқа да нұсқаларын ұсынуы мүмкін. Дәл осы кезеңде борышкердің жағдайға ықпал ету және қосымша шығындардың алдын алу мүмкіндіктері көп.

«Fingramota.kz» сайтының мәліметінше, атқарушылық құжат — сот бұйрығы, атқарушылық парақ немесе нотариустың атқарушылық жазбасы пайда болғаннан кейін жағдай өзгереді. Осы сәттен бастап борышты өндіріп алу мәжбүрлеп орындау сатысына өтеді.

Атқарушылық құжат жеке сот орындаушысына берілгеннен кейін негізгі борыш сомасына атқарушылық іс жүргізуге байланысты шығындар қосылады. Жеке сот орындаушысының қызметіне төле-

нетін ақы өндіріп алу сомасының пайызымен есептеледі. Берешектің мөлшеріне қарай ол 3-25 пайызға дейін болуы мүмкін. 2026 жылы айлық есептік көрсеткіш 4325 теңгені құрайды, төлем мөлшері дәл осы АЕК-ке байланысты. Іс жүзінде қарыз сомасы 2 млн. теңгеге жуық болған жағдайда қосымша шығындар шамамен 300 мың теңгені құрауы мүмкін. Бұл ретте, оның айыппұл немесе өсімпұл еместігін, ол борыш мәжбүрлеп орындату сатысына өтуінен туындайтын

шығындар екенін түсіну маңызды.

Сонымен қатар заманауи цифрлық жүйелер өндіріп алу шараларын барынша жедел қолдануға мүмкіндік береді. Атқарушылық іс жүргізудің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы істер жеке сот орындаушылары арасында бөлінеді, ал шоттар мен мүлікке шектеулер қысқа мерзімде салынуы мүмкін.

Атқарушылық іс жүргізу шеңберінде мәжбүрлеп өндіріп алудың әртүрлі шаралары қолданылады:

- банк шоттарына тыйым салу;
- жалақыдан ұстап қалу;
- мүлікке қатысты шектеулер;
- жекелеген тіркеу әрекеттерін жасауға тыйым салу;
- Қазақстаннан тыс жерлерге шығуы уақытша шектеу.

Қаражатты ұстап қалу кезінде кірістің бір бөлігі сақталуға тиіс.

Атқарушылық құжат бойынша берешек сомасы 40 АЕК-тен (2026 жылы 173000 теңге) асқан кезде азаматқа елден кетуге шектеу қойылуы мүмкін екенін ескеру қажет.

Атқарушылық құжат мәжбүрлеп орындауға берілгенге дейін қарыз алушының мәселені кредитормен тікелей реттеу мүмкіндігі сақталады. Дәл осы кезеңде атқарушы өндіріске байланысты қосымша шығындарсыз өтеу шарттарын өзгерту немесе қарызды толық жабу туралы келісуге болады. Егер міндеттеме құжатты сот орындаушысына бергенге дейін орындалса, жеке сот орындаушысының қызметтеріне ақы төлеу қажеттілігі туындамайды.

Сондықтан сарапшылар проблемаға ерекше назар аударуға және оның шешімін кешіктірмеуге кеңес береді.

Қарызды өтегеннен кейін атқарушылық іс жүргізу ресми түрде аяқталғанына, тиісті қаулы шығарылғанына және барлық шектеулер алынып тасталғанына көз жеткізу керек. Осы рәсімдер аяқталғанға дейін шоттарды бұғаттау және басқа да өндіріп алу шаралары сақталуы мүмкін.

Жайна НҰРМАҒАНБЕТ.

QUTTYQTAU



Мың аурудың табамын деп бір емін,
Аямаған адамдардан тілегін,
Өмір отын сақтап қалған,
өшірмей,
Дәрігердің аялаңдар жүрегін!

Осы өлең жолдарын өз ісінің нағыз кәсіби маманы, білікті хирург Егор Иванович Киряшқа арнағым келеді. Ол — адам жанының арашасы, жер бетіндегі сан алуан кәсіптің ішіндегі ең ізгі, ең қастерлі мамандықтың иесі.

Тәуліктің кез келген ауа райында көмекке келуге дайын тұратын абзал жанмен өзі қызмет ететін мекеме — Қызылжар аудандық ауруханасының гинекология бөлімшесінде таныстым. Өзім сияқты жүздеген әйелді емдеп жазып, алғысына бөленген бөлімше меңгерушісі, хирург-гинеколог Егор Ивановичтың бұл саланы таңдауы тегін еместігіне де сол жерде көз жеткіздім.

Барлық қыз-келіншектердің атынан Медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтағым келеді. Күнделікті жан-қиярлық еңбегіңіз бен медицинаға деген адал қызметіңіз үшін шексіз алғысымды білдіріп, бас иемін.

Саламатты ұлт қалыптастыру жолындағы еңбегіңіз еленіп, халықтың ыстық ықыласына бөлене беріңіз!

Ізгі тілекпен: «Помощь рядом» еріктілер қозғалысының үйлестірушісі Елена Степаненко.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Фирма Алекри» ЖШС рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы жұртшылықты хабардар етеді.

Учаскенің координаттары 54.971236 с.е., 69.012577 ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 27 шілде күні сағат 12:00-де мына мекенжайда өтеді: СКО, Якорь а. Мир көшесі, 39а, Мәдениет үйі. Сондай-ақ конференцияға қатысу үшін мына сілтеме бойынша ZOOM платформасына қосылуға болады: <https://us05web.zoom.us/j/86197978957?pwd=CkKYgaHSanS6DEWWJeUxMcqlyU0vaP.1>, конференция идентификаторы: 86197978957, кіру коды: 7iPjXj.

Жобаға тапсырыс беруші: «Фирма Алекри» ЖШС (СКО, Қызылжар ауданы, Якорь а., БСН:920640000409, тел.: 41-27-77).

Жобаны жасаушы: «ПЕТРОЭКОЦЕНТР-Логистики» ЖШС (Петропавл қаласы, Горький көшесі, 166, БСН:110940000580, тел.: 50-25-25, e-mail: 850828@mail.ru).

Жобаның материалдары <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> (ашық жиналыстар) сайтында және жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> сайтында орналасқан.

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжайда қабылданады: Петропавл қаласы, Парк көшесі, 57В, «СКО әкімдігінің табиғат ресурстары және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ-і, тел.: 53-36-38, e-mail: dpr@sko.gov.kz.

Қосымша ақпаратты 850828@mail.ru электрондық поштасы және 87152502525 телефоны арқылы алуға болады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 242-бабының 3-тармағына сәйкес «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының Айыртау аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімінде Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Казанка ауылдық округі Бұрлық ауылы Лесная 21 көшесінде орналасқан ауылдық мектеп ғимараты иесіз жылжымайтын мүлік ретінде есепте тұр. Егер осы объектілердің меншік иелері туралы мәліметтер болса, Айыртау ауданының әкімдігі, Саумалкөл ауылы, Ш.Уәлиханов көшесі 44, 10 каб., 12 каб. мекенжайына немесе 8(71533)22751, 8(71533)22369 телефоны арқылы хабарлауды сұраймыз.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ОО «Фирма Алекри» информирует общественность о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по проекту нормативов допустимых выбросов, программе управления отходами, программе производственного экологического контроля, плану мероприятий по охране окружающей среды.

Координаты участка 54.971236 с.ш., 69.012577 в.д.

Место и время проведения общественных слушаний: СКО, Кызылжарский район, с. Якорь, ул. Мира, 39А, Дом культуры, 27.07.2026 г. в 12:00 ч. Также для участия в конференции можно подключиться по ссылке на платформе ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/86197978957?pwd=CkKYgaHSanS6DEWWJeUxMcqlyU0vaP.1>, идентификатор конференции: 86197978957, код доступа: 7iPjXj.

Заказчик проекта: ОО «Фирма Алекри» (СКО, Кызылжарский район, с. Якорь. БИН:920640000409, тел.: 41-27-77)

Разработчик проекта: ОО «ПЕТРОЭКОЦЕНТР-Логистики» (г. Петропавловск, ул. Горького, 166. БИН:110940000580, тел.: 50-25-25, e-mail: 850828@mail.ru).

Материалы проекта размещены на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> (Открытые собрания) и на сайте МОО <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> (раздел «Общественные слушания»).

Замечания и предложения принимаются по адресу: г. Петропавловск, ул. Парковая 57В, КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата СКО». Тел.: 53-36-38, e-mail: dpr@sko.gov.kz.

Дополнительную информацию можно получить по e-mail: 850828@mail.ru и по телефону 87152502525.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Сіздер басқа ақпарат құралдарына қарағанда бағасы арзан және тиімді «Soltustik Qazaqstan» газеті арқылы ата-аналарыңызды, туған-туыстарыңызды, жора-жолдастарыңыз бен әріптестеріңізді:

— туған күнімен;
— мектеп табалдырығын аттауымен;

— үйлену тойымен;

— мерейтойымен;

— зейнет демалысына шығуымен және тағы басқа да қуаныштарымен құттықтап, жеке хабарландырулар бере аласыздар.

Біздің мекенжайымыз: Петропавл қаласы, К.Сүгішев көшесі, 7.

Электронды мекенжайымыз:

«kuzylzhar_akparat@mail.ru», тел.:

8 (7152) 50-09-15, 8-777-495-67-90.